

М.Жолсеитова

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті
(Қазақстан, Түркістан қ.) e-mail: mzholseytova@ayu.edu.kz
Orcid.org/0000-0001-7296-2653

М.Беркинбоев

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті
(Қазақстан, Түркістан қ.) e-mail: murat2002berkin@gmail.com
Orcid.org/0009-0003-0675-724X

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ САЯСИ ҚЫЗМЕТІНІҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Мақалада Міржақып Дулатұлының өмір жолы мен қоғамдық саяси қызметінің қалыптасуын анықтайтын факторларға, ұстаз, журналист ретіндегі тұлғалық феноменіне объективті баға беріледі.

XX ғасырдың басында Ресей империясының ішкі және сыртқы жағдайына байланысты қазақ қоғамында тәуелсіздік жолында Алаш қозғалысының өкілдерінің қалыптасуы және олардың алға қойған мақсаттарына жан-жақты түрде талдау жасалынып, Сонымен бірге, Міржақып Дулатұлының Алаш қозғалысының жандануына өз үлесінің қосуы, қазақ халқының егеменді жолындағы саяси және ағартушылық қызметі, қазақ тәуелсіздігінің жолында Ресей империясына қарсы күрестің ұйымдастыруы, қазақ мемлекетінің алғашқы ата заңының жобасын дайындаған «ұлт көсемі» екендігі дәлелденді.

XX ғасырдың басында Алаш зиялылары Әлихан, Ахмет және Міржақып сияқты ұлт көсемдері қазақтардың көкірек көзін ашу мақсатында қазақтың алғашқы демократиялық баспа сөзі-«Қазақ» газетін ашуындағы саяси қызметтерінің маңыздылығы, сонымен бірге қазақ мемлекетінің құру алғышарттары, Міржақып Дулатұлының «Алаш» партиясы мен «Алаш-Орда» үкіметін орнату жолындағы мемлекеттік қызметі қарастырылады. Сонымен бірге қазақ халқының бейбітшілігін сақтау мақсатында қазақтың әскери жүйесін құру жолындағы поэзиясын талданады. Міржақып Дулатұлы қазақтардың ішінде алғашқы роман жазғаны, бастауыш сыныптар үшін есеп құралын жазған алаш азаматы екендігі анықталады. Міржақып Дулатұлының XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ қоғамында орын алған ашаршылыққа қарсы «Аштыққа ұшырғандарды құтқару комиссиясын» құрып, қазақтарды аштықтан құтқару жолындағы терең еңбегі зерделенеді.

Міржақып Дулатұлы қазақ халқының тәуелсіздік жолында жалпы қазақтың ұлттық мүддесін алға тартып, өз халқының тыныш, бейбіт өмірін қамтамасыз етуге ұмтылды. Оның саяси және стратегиялық таңдауы кез келген ірі ұлт көсемдері мен мемлекет қайраткері үшін күрделі халықаралық саяси жағдайда өз ұстанымын пайдаланып, сындарлы геосаясат жүргізіп, одақтастарын таба білудің қаншалықты маңызды екенін айқын көрсетеді.

Кілт сөздер: Міржақып Дулатұлы, Ресей империясы, Алаш партиясы, Алаш-Орда, Қарқаралы, Қазақ газеті, Оян қазақ, Серке газеті, Кеңестік Ресей, губерния, сыртқы саясат.

Zholseytova M.

Candidate of Historical Sciences
Associate Professor of Khoja Akhmet Yassavi Internatinal Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan,
Turkestan), e-mail: mzholseytova@ayu.edu.kz
orcid.org/0000-0001-7296-2653

Berkinbaev M.

Student of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: murat2002berkin@gmail.com

THE ROLE AND SIGNIFICANCE OF THE POLITICAL ACTIVITY OF MIRZHAKYP DULATUL

Annotation. The article provides an objective assessment of the factors that determine the formation of Mirzhakyp Dulatuly's life path and public political activity, personality phenomenon as a teacher and journalist.

At the beginning of the 20th century, due to the internal and external conditions of the Russian Empire, the formation of the representatives of the Alash movement in the path of independence in the Kazakh society and the goals set forth by them are comprehensively analyzed. At the same time, the contribution of Mirzhakyp Dulatuly to the revival of the Alash movement, the political and educational activity of the Kazakh people in the path of independence, organization of the struggle against the Russian Empire in the path of Kazakh independence, it was proved that he was the "leader of the nation" who prepared the draft of the Kazakh state's first ancestral law.

At the beginning of the 20th century, Alash intellectuals Alikhan, Akhmet and Mirzhakyp, national leaders, in order to open up the eyes of the Kazakhs, the importance of their political activities in opening the first democratic Kazakh newspaper, "Kazakh", as well as the prerequisites for the creation of the Kazakh state, Mirzhakyp Dulatuly's "Alash" party and "Alash- State service to establish the Orda government is considered. At the same time, the analysis of the position of the Kazakh military system in order to preserve the peace of the Kazakh people. It is determined that Mirzhakyp Dulatuly wrote the first novel among the Kazakhs, and was a citizen of Alash who wrote a calculation tool for primary classes. Mirzhakyp Dulatuly created the "Commission to save the starving" against the famine that occurred in the Kazakh society in the first half of the 20th century, and his deep work in saving the Kazakhs from starvation is studied.

Mirzhakyp Dulatuly promoted the national interest of the Kazakh people in the path of independence of the Kazakh people and sought to ensure the peaceful and peaceful life of his people. His political and strategic choice clearly shows how important it is for leaders of any major nation and statesman to be able to use their position, conduct constructive geopolitics and find allies in a complex international political situation.

Key words: Mirzhakyp Dulatuly, Russian Empire, Alash party, Alash-Orda, Karkaraly, Kazakh newspaper, Oyan Kazakh, Serke newspaper, Soviet Russia, gubernia, foreign policy.

Жолсеитова М.

кандидат исторических наук

доцент Международного казахско-турецкого университета имени Х.А. Ясави
(Казakhstan, Туркестан), e-mail: mzholseytova@ayu.edu.kz

Беркинбоев М.

магистрант Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави

(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: murat2002berkin@gmail.com

РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МИРЖАКЫПА ДУЛАТУЛА

Аннотация. В статье феномен личности Миржакыпа Дулатулы как педагога и журналиста оценивается как фактор, определяющий формирование его жизненного пути и общественно-политической деятельности.

В связи с великими внутренними и внешними условиями Российской империи в начале 20 века формирование представителей алашского видения в зоне независимости Казахского государства явилось просвещением государя на пути к суверенитету людей.

Алашские интеллектуалы начала 20 века, национальные лидеры, такие как Алихан, Ахмет и Миржакип, открыли первое казахское демократическое издательство - газету «Казах», чтобы открыть глаза казахам «Алаш-Орде». , важно знать, как действовать. Миржакип Дулатулы был жителем Алаша, написавшим первый роман среди казахов, написавшим мемуары для учеников начальной школы. В первой половине XX века Миржакипом Дулатулы был создан «Комитет помощи голодающим» против голода, происходившего в Казахском крае, и изучена его глубокая работа по спасению казахов от голодной смерти.

Миржакип Дулатулы выдвигал национальные интересы казахского народа на пути независимости казахского народа и старался сохранить дыхание и мирную жизнь своего народа. Вы можете видеть, насколько важно для лидеров любого крупного государства и государственного деятеля, у которых есть новый стратегический выбор своей политики, иметь возможность стоять на своем, развивать конструктивную геополитику и находить союзников в сложной международной политике.

Ключевые слова: Миржакип Дулатулы, российские империи, партии Алаш, Алаш-Орда, Каркаралы, казахские газеты, «Оян Казах», газеты «Серке», Советская Россия, губерния, внешняя политика.

Кіріспе.

Мақала тақырыбының өзектілігі тек ғылыми-танымдық міндеттермен ғана шектелмейді. Мақаланың негізгі тұжырымдары мемлекет басшысы өз қызметінің табысты болуын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік маңызды және адамгершілік қасиеттерді барабар түсіну тұрғысынан да пайдалы болады.

Тоталитарлық жүйе өзінің «қанды құрсауында» түсіріп, алаш көсемдерінің есімдерін халық жадынан шығарып, тарихтан мәңгілікке өшіруге тырысқанына қарамастан Алаш зиялыларының қазақ елінің түпкілікті қоғамдық мәселелері жөнінде айтқан негізгі ой-пікірлерінің бүгінгі таңда қайта жаңғыруының куәсі болып отырмын.

Ұлт жанашырларының қатарына Міржақып Дулатұлының алатын орны ерекше. Ол – халқын сүйген азамат, еліне адал қызмет еткен саяси тұлға, ұстаз, жазушы және журналист. М. Дулатұлы – өте күрделі ғұмыр кешкен тұлға. М. Дулатұлы сияқты патриот ұлтжанды қайраткердің қызметін шынайы, объективті бағалау бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның жастарын патриотизмге, ұлттық рухта тәрбиелеу үшін аса қажет. Қазіргі таңда еліміздің Алаш қозғалысы тарихын, оның белсенді қайраткерлерінің өмір жолын білуге деген жаппай құлшынысы, бұл қозғалыстың идеялары өмірлік негізінің өміршеңдігінен, сондай-ақ халықтың сана-сезімінің жаңа сапаға көтерілуінен, оның өзінің жүріп өткен тарихи жолына деген қызығушылығының арта түсуінен туындап отыр. Сонымен бірге қазіргі уақытта тарих ғылымында жалпы бұқара халықтың ғана емес, жеке тұлғалардың да ғұмырнамасына сұраныс өсіп отыр. Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі Кеңес дәуірінде тар шеңберде таптық партиялық тұрғыдан қаралғаны баршамызға мәлім. Кеңестік тарихнамада ұлт-азаттық қозғалыс көсемдерінің өмір жолын зерттеу мүмкін болмады, ал зерттеле қалған күннің өзінде тарихи шындықтан алшақ, бұрмаланып жазылды. Оның есесіне социализмнің салтанат құруына үлкен үлес қосып, коммунистік партияның ісіне шын берілген «тұлғалардың» қоғамдық-саяси қызметін зерттеуге жол ашылды. Сондықтан да алаш қайраткері М. Дулатұлының саяси және ағартушылық қызметін талдауда біржақты теріс пікір қалыптасты. Зерттеушілер оның қызметіне «буржуазияшыл-ұлтшыл», «контрреволюцияшыл», «халық жауы» деген баға берді. Мұндай тұжырым М. Дулатұлына қатысты кеңестік зерттеулердің барлығына ортақ болды.

Зерттеу әдістері:

Зерттеудің методологиялық және теориялық негізіне – қоғамдық ой-пікірді қалыптастырған, соның ішінде ағартушылық бағыттағы көрнекті тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеуде қалыптасқан жаңа концепциялар мен ойтұжырымдар алынды. Сондай-ақ, тарихи-логикалық, тарихи-компаративистикалық, герменевтикалық әдістер қолданылды. Алаш зиялыларының ағартушылық, азаттық, еркіндік идеяларына тарихи тұрғыдан баға беріліп, сыни ойлау мен салыстырмалы әдістер жүзеге асырылды. Кеңестік жүйеге, коммунистік идеологияға қатысты соңғы қалыптаса бастаған ғылыми тұжырым концепцияларды ескере отырып, тарихи талдау, салыстыру әдісін қолдану арқылы қайраткер өмір сүрген және қызмет жасаған күрделі тарихи кезеңнің ерекшелігі қамтылды.

Салыстырмалы-тарихи талдау әдістері арқылы Алаш зиялыларының азаттық идеясының құндылығы бүгінгі біздің құндылықтарымызбен, болмысымызбен байланыстырылды. Сонымен бірге, салыстармалы - тарихи, тарихи-жүйелілік, деректанулық зерттеу әдістері қолданылды.

Талдау мен нәтижелер.

Міржақып Дулатұлы Ресей империясы кезіндегі күнтізбеге сәйкес 1885 жылы қарашаның 25-жұлдызында Торғай өлкесінде, Сарықопа деген жерде дүниеге келді. Міржақыптың әкесі-Дулат қолы гүл шебер болады. Дулат өз қолымен жасаған қару-жарақтар, ер тоқымдар мен зергерлік бұйымдары сол кезде Қазақ жеріне танымал болды. Міржақыптың анасы-Дәмеш өте мейірімді, адал және көңілі ашық мінезді кісі еді. Сонымен бірге, Дәмеш жүректі жібетін әндері арқылы тас бауыр адамдарды да жүрегін жібітетін сондай сөзге шешен, әнші болған. Тіпті сол заманғы әншілерді де таң қалдыратын.

Міржақыптың бала кезі Арқаның жер еркесі Қоңыраулы өзенінің бойында өткен. Қоры аулы өзені шежірелі Ұлытау жерінен шығатын Дәмді, Мойынды сары өзендерінен басталады. Қызбел, Қыземшек таулары, Сарықопа-іргелес отырған ел Мадияр, Өтей, Шымболаттардың мекендейтін жерлері [1,4-5 б.].

Мадияр баһадурлері-Абылайдың Шақшақ Жәнібегін, Кенесарының Жәуке мен Шәкірлерін тудырған көне Торғай-Міржақыптың мақтанышы боп өткен мекені. Алайда Міржақып Дулатұлы анасынан ерте айырылады. Міржақыптың анасы 1887 жылы қайтыс болады. Ол кезде Міржақып екі жаста еді.

Міржақып сауатын 1893 жылы ауылының молдасынан сауатын ашады. Ауыл молдасынан Міржақып тек араб тілі мен ислам ережелерін ғана үйренеді. Дулат баласының білімге деген құштарлығын баяқаған соң көзі ашық көкірегі ояу, сауатты, жоғарғы білімді Мұқан Тоқтабай деген мұғалімді жалдап баласының білімін әрі қарай жетілуіне әрекет жасайды. Мұқан Тоқтабай Міржақып Дулатұлына қазақ тілі мен орыс тілінен сабақ береді. Сонымен қатар қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерімен сабақ барысында танысады. Атап айтқанда Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбайұлының, Әбу Насыр әл-Фараби мен сопылық ілімнің негізін салушысы, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің даналық еңбектері мен танысып бойына сіңіреді. Міржақыптың әкесі Дулат 1897 жылы өмірден озады. Міржақып Дулатұлы тұл жетім болып қалады. Дулаттың үлкен ұлы Асқар Міржақып өз тәрбиесіне алады. Асқар Дулатұлы Міржақыпқа әрі аға, әрі әкелік қызмет атқарады. Асқар Дулатұлы інісінің болашағынан зор үміт күткен. Сондықтан бір мың сегіз жүз тоқсан жетінші жылы Торғай қаласындағы Ыбырай Алтынсарин ашқан орыс-қазақ мекетегіне оқуға жібереді. Орыс-қазақ мектебінде Міржақып бес жыл оқиды. Сол жылдардың ішінде он екі жасар Міржақып орыс тілін мен араб тілін жетік біліп шығады. Сонымен қатар, Міржақып спортпен айналысады. Бұл мектепте қоғамға пайда тигізетін біліммен қатар саяси, тарихи және жеке көзқарастары қалыптасады. Міржақып Дулатұлы Торғайдағы мектепте оқып жүргенде қазақ тарихына көп көңіл бөле бастайды. Міржақып Дулатұлы бұл мектепті бір мың тоғыз жүз екінші жылы жоғары нәтижемен аяқтап, әрі қарай білімін жалғастыру үшін Уфа қаласындағы Ғалия медресінде мұғалім курсында білім алады. Бұл медреседе болашақ мұғалімнің балаға беретін білімен

тәрбиесіннің беру жолындағы әдіс-тәсілдерді үйренеді. Міржақып Ғалия медресінде оқып жүргенде бастауыш сыныптарға беретін алғашқы оқу куралының әліппесін жаза бастайды. Бірақ сол жылы толық бітпейді. Өйткені сол кезде патша үкіметінің қитурғы саясатының салдарынан қазақ мекеттері мен қазақтың жас ұлт зиялыларының артына түскен болатын. Қара халықтың оянып кетеді деп қорықты. Мұғалімдік курсты аяқтаған соң Торғай өлкесіндегі Қошымбек ауылының Терісбұтақ елдімекенінде ұстаздық қызметін бастайды. Терісбұтақ мекенінде Міржақып қазақ тілі мен әдебиеті және арифметика сабақтарынан дәріс береді. Міржақыптың сабақ беру әдіс-тәсілдері ерекше еді. Ол бірінші білімге емес, тәрбие беруге қарайтын. Ол үшін оқу құрал, сол арқылы білім мен тәрбие беретін. Оған мысал ретінде «Мұғалімдерге» деген мақаласында : «Мұғалім ең алды мен оқушыға тәрбие беру керек. Содан соң білім бойына сіңеді. Себебі білімге көп көңіл бөлім оқушының тәрбиесіне мән берілмесе, қоғам жақсы жаққа емес, керісінше қара түнекке айналады» [2, 118 б.], - деп өзінің мақаласында болашақ мұғалімдерге ундеу жариялап отыр.

Қазақ жастарын қоғамға пайдалы азамат қылып қалыптасуына әрекет еткен, сонымен қатар қазақ қоғамына пайдалы болған Міржақып еді. Міржақып мұғалімдік қызметте жүрген кезде де Омбы, Орынбор қалаларынан газет журналдарды алдырып отыратын. Ол газет-журналдарда Ахмет, Әлихандардың жарияланған мақалаларымен танысып, өзінің алғашқы саяси көзқарастарының қалыбын құйып жатты. Оның арманы Ахмет Байтұрсынұлы мен Әлихан Бөкейхановтарымен танысып, қазақ халқының егеменді жолында күресу еді. Оның арманы 1904 жылы Омбы қаласында Ахмет пен Әлихан ағаларымен танысады. Сол жылдары Міржақып ағаларымен қатар басқада ұлт зиялыларымен танысып отаршылдыққа қарсы жасырын ұйымдарына қатысады. Бір мың тоғыз жүз төртінші жылы мен бір мың бесінші жылдарының желтоқсан айында Петербург қаласында патшалық Ресейде алғашқы рет орыс буржуазиялық төңкеріс болып жатқан тұста қазақ зиялылары Орал қаласында алғашқы қазақ конституциялық-демократиялық партиясын құрады. Бұл партияны Орал қаласында қазақтың бес облысынан алаш зиялылары қатысады. Орал қаласындағы құрылтайда бас қасына болған Әлихан Бөкейханов, Ахме Байтұрсынұлымен Міржақып Дулатұлы және басқада татар қоғам қайраткерлері қатысты. Бұл Құрылтайда талқыланған негізгі мәселелер қатарына мыналар: жер туралы, қоныстандыру саясатының зияндары, өзін-өзі басқару құқығы, әйел теңсіздігі, оқу-білім мен қазақ мектептерінің ашу, қазақ тілін дәріптеумен сақтау және басқада мәселелер талқыланады. Бұл құрылтайдың бағдарламасы бір мың тоғыз жүз бесінші жылы желтоқсанның-29 жұлдысында кадет париясының «Пікір» газетінде жария етті. Бір мың тоғыз төртінші жылдың қаңтар айында Міржақып Дулатұлы Ахмет Байтұрсынұлы және басқада алаш зиялыларымен бірге Қарқаралыда патшалық Ресейге өздерінің арыз-тілектерін жазады. Қоянды жәрмеңкесінің жанында патшаның атынан арыз-тілектер жазылды. Міржақып пен басқада Алаш зиялыларының талаптары: Қазақ жерінде мешіт пен медресе, мектеп және қажылыққа баратын төлқұжатты алу және өзін-өзі басқару құқына ие болу. Сонымен бірге, Ресейден келіп жатқан орыс шаруаларын қоныстандыруды тоқтатып, сулы, орманды, шұрайлы жерлерді қазақ халқына қайтаруларын тасқа таңба басқандай етіп жазды. Сөйтіп бір мың тоғыз жүз бесінші жылы Петербург қаласына телеграф арқылы жібереді. Бірақ Алаш зиялыларының толық орындалмайды. Тек ғана Қазақ зиялыларының арасынан I,II Мемлекеттік Думаға сайлануына рұқсат беріледі. Сол жылдары патша үкіметінде алғашқы орыс буржуазиялық төңкеріс басталған болатын. Сол төңкерістен қорқып патша үкіметінің күзетшілері қазақ жеріндегі кітапхана, телеграф, баспағанааларды тінту жүргізіп жаптырып тастайды. Одан бөлек қазақ зиялыларының жасырын ұйым құрғанын біліп қалып, артарынан түседі. Міржақып сол жылы Зайсан деген жерге қоныс аударады. Зайсан жеріндегі Бекмұхаммед қажы ашқан қазақ мектебінде қазақ тілі және орыс тілі мен қатар арифметика сабақтарынан дәріс өтеді. Міржақып көбінесе бастауыш мектептегі оқушыларға сабақ берді. Міржақыптың арифметика сабағында оқушылардың сыни ойлауын арту үшін

көбінесе мысал есептерді шештіретін. Мысал есебінен мысал келтірейін: «Қайдар айтты Қайымға: Егер сен біздің үйге бала болсаң біздің үйдегі адамдардың саны сенің үйіндегі адамдардың санынан екі көп болады. Ал Қайым айтты: егер сен біздің үйге бала болсаң екеуіміздің үйлеріміздегі адамдардың саны тең болады. Бұл мысалдың жауабы: Қайтардың үйінде адамдардың саны 6, Қайымның үйіндегі адамдардың саны-5.» Міржақып оқушылардың ойлау жүйесінің кең болу үшін түрлі есептерді ойлап тауып, тапсырма беретін. Ал қазақ әдебиетінен оқушыларға Абай Құнанбаевтың өлеңдерін жаттатығып, талдау жүргізетін. Мысалы, «адамның бес дұшпанын атаңдар: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншектік, мал шашу. Ал енді адамның достарын атаңдар: талап, еңбек, терең ой, қанағат пен рақым. Өтірік айту жақсы ма? Жоқ, жаман. Оқыған кісі еңбектен қаша ма? Жоқ, еңбекке бейім болады» [3,120 б.], - деген сияқты оқушыларға сұрақ-жауап қою арқылы жеке талдау жүргізіп, оқушылардың бойына жақсы қасиеттер қалыптасуына бар әдіс-тәсілдерін қолданады. Сонымен қатар, оқушыға орыс тілі мен орыс әдебиетіннен сабақ береді. Бұл жолы Міржақып Абайдың жолын жалғастырады. «Барлық ғылым-орыста» деп қарасөздерінде жазып қалдырып кеткен еді. Міржақыпта оқушылардың орыс тілін меңгеру жолында түрлі тәсілдер арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырды. Міржақыптың білімді шәкіртері білімін әрі қарай жалғастыру үшін Қазан, Стамбұл, Мәскеу, Петербург қалаларында университеттерде білім алды.

Орыс буржуазиялық төңкеріспен қатар орыс-жапон соғысы орын алған болатын. Міржақып осы екі саяси оқиғадан үлкен үміт күтті. Оның арманы егеменді ел болып тарихта өз орнын қалайтын Демократиялық мемлекет болуды мұратты тұтты. Тек ол емес, басқада Алаш зиялыларының асқақ армандары еді. Сол оқиғаға байланысты «Жұмбақ» деген мысалын жазды. Ол мысалда «Егер жапондар орыстарды жеңсе, біз өз егемендігімізді алуға жол ашылады» [4,7-8 б.],- деп үлкен қуанышпен баяндайды. Орыс-жапон соғысында орыстар жеңіліске ұшырағанмен, патшалық үкімет құламады. Керісінше отаршылдық саясатын әрі қарай күшейтті. Қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныстандыруын әрі қарай жалғастыра берді. Қазақтарды орыстандыру үшін және тілін жойып түгелімен қазақ жерлерін орыстарға өтту үшін бұзақы, қылмыскер және жері жоқ шаруаларды қазақ жерлерінің тек шұрайлы, сулы ну орманды аймақтарында орналастырып, қазақ жайылымдарын тартып алды. Бұл оқиғаны өз көзімен куә болып отырған Міржақып қазақ халқының жағдайына бір есептен ашынып, бір жағынан намыстанып «Біздің мақсатымыз» деген мақаласын жазады. Бұл мақалада: «Көп ғасырлардан бері қазақ халқы-орыстарға тәуелді. Патшалық Ресей бөліп алда, билей бер саясатын ұстанып, қазақ жерлерін губернияларға бөліп тастады. Әр губерния өз заңдарын шығарып қазақтарды тонады. Малын, ақшасын, жерін тартып, қайдағы казактарға сыйлыққа берді. Ал байғұс қазақ малсыз, жерсіз қалып күн кешуде. Сонымен қатар, патшалық үкімет қазақтардың байларына пара беріп қара халыққа айдап салды. Қазақтың бірлігін жою үшін көзі ашық көкірегі ояу қазақтан шыққан ұлт зиялыларын өздеріне қызмет қылу қорқытып, я болмаса ақшаға сатып алды. Қазақ тілін жою үшін орыс мектептерін көбейтті, Одан бөлек қазақтардың қасиетті діні ислам дініне шектеу қойып, өздерінің діндері христиан діндеріне кір үшін түрлі айла тәсілдерді ойлап тауып соны істеткізді. Мысалы, кімдегі кім мектеп ашу керек болса міндетті түрде христиан дінге өтіп шоқыну керек болды. Я болмаса христианды кім дәріптесе қомақты сый ақы береміз деп қара халықты жолдан тайдырды. Сонымен бірге, қазақтарды әскери борыштан босатты. Патшалық үкімет қазақтар маған қарсы шығып, тәуесіздік алып кетеді деп ойлады. Өйткені егер әскерге барып келсе, қару –жарақты қолдана алатын және әскери білімдерге ие болу арқылы қазақтан әскери жасақ құруға болады...» [5, 11 б.],-деп ашына жазды.

Міржақып Дулатұлы 1906 жылы Оралдағы құрылтай бойынша Санк-Петербург қаласына барады. Бұл жерде ұлт зиялылары Мұстафа Шоқаймен Халел Досмұхамедпен жақын танысады. Бұл сапарында Міржақып және басқада алаш зиялыларымен басқосып газет шығаруды қолға алу жайында ақылдасады. Бір шешіммен Петербург қаласында «Серке» газетін шығаруды көздейді. Алаш зиялыларының газеттің шығарудағы негізгі

мақсаты- патша үкіметінің озбырлығын әшкерелеп, қара халықтың көзін ашу еді. Міржақып Дулатұлы және Ахмет Байтұрсынұлы және басқада зиялылар газеттің шығуына атсалысты. Әсіресе Шаймерден Қошығұлының ақшасынан А.Ибрагимовтың көшбасшылығының арқасында Петербург қаласындағы «Ульфат» газетінің қосымшасы ретінде «Серке» газеті шыға бастады. «Серке» сөзінің мағынасы жол көрсетуші, көшбасшы деген мәнге ие. Сондықтан да ұлт зиялылар сол атты қойып, қазақ халқына жол бастайтын, егеменді ел болу жолында көмекші мен көшбасшы болатын деп сол атты қойды. «Серке» газетінің алғашқы нөмері бір мың тоғыз жетінші жылы наурыздың 28-жұлдызында шықты. Қазақ жерінен газеттер ХІХ ғасыр соңынан бастап шыға бастады. Сол газеттердің ішінде демократиялық жолды ұстанған алғашқы бастаманы қолға алған «Серке» газеті еді. «Серке» газетінде сол кездегі елдің қамын ойлаған ұлт зиялыларының жазған мақалалары, өлеңдері жарияланды. Сол кездегі көрнекті ақын, жазушы ұл жанашыры Міржақыптың алғашқы өлеңдері мен мақалалары «Серке» газетінің 1,2 нөмірінде басылып шықты. Алайда бұл газет алты жыл ғана жұмысын істеді. Себебі патша ағзамның жандармериясы газеттің артынан түсіп, «Серке» газетінде жарияланған мақалаларды оқып, патшаға қарсы іс-қимылдар жасап жатыр деген сылтаумен бір мың тоғыз жүз он екінші жылы жылы Петербург қаласындағы «Ульфат» пен оның қосымшасы «Серке» газетінде тінту жүргізіп, жарияланған мақалаларды тәркілеп газеттерді шығуына тиым салад. Тек ғана 1913 жылы Орынбор губерниясының жандармериясының басшысы Смирнов Міржақып Дулатұлының жарияланған мақаласын оқып, бұл жерде қарсылық бар деген айыппен «Серке» газетінің шығуына қатаң тиым салынады. Сонымен газет жойылады. Ал қазақ зиялыларының артына тыңшыларды жалдайды. Ол тыңшылар қазақ зиялыларының іс-әрекеттерін барлығын жеткізіп отырады. Ең жаманы ол тыңшылар орыстар емес, қазақтар болады [6, 10-12 б.].

Міржақып Дулатұлы қазақтарды ояту мақсатында сол жылдары «Оян, қазақ» өлеңін жазады. Бұл өлеңдер жинағы екі рет баспадан, оның досы татар Каримовтың арқасында жарыққа шығады. Бұл кітаптар қазақ халқына сонымен қатар Түркия қаласына таралады. Тек қазақтар емес, түркі тілдес бауырларымызда осы кітапты оқып өздерінің рухтарын көтерді. Алайда сол кітапты патша үкіметінің жандармериясы кітапты соттап, жазған Міржақыпты бір мың тоғыз жүз он бірінші жылы қамауға алып, Семей түрмесіне жібереді. Семей түрмесінде отырыпта өлеңдер жазып жасырын түрде достары арқылы баспаханада басылып шыға бастайды. Ол өлеңдер қатарына «Абақтыда айт күні», «Хибстағы ұрының мінәжаты» және т.б. Сол сияқты өлеңдері. Абақтыда да достары арқылы алып келген әдебиеттермен танысып шығармашылық пен айналысады. Бір күні бір әдебиетті оқып, өзінің жазған мақаласы екен. Ол мақала бір мың он екінші жылы «Правда» газетінде басылып шыққан еді. Ол мақалада Жұбандық Болғанбаевтың Семейдегі жұмысшылардың саяси жеңісін баяндаған еді. Сол оқиғаны отырып өзін жігерлендірді. Сонымен қатар, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұловтан хабар келеді. «Қазақ халқының сауатын ашу мен қатар көкірек көзін ашуға, оқу мен ағартуға жол ашып, қазақ халқының тарихын қара халыққа жеткізу үшін «Қазақ» деген атпен газет шығарымыз» деп Орынбордан Ахмет Байтұрсынұлы хат жолдайды. Хатында патша үкіметі рұқсат берді, алайда қаржының жетіспеушілігінің арқасында бұл газет шықпауды мүмкіндеп жазады. Содан Міржақып Дулатұлы бірмың тоғыз жүз он екінші жылы желтоқсанның 12-жұлдызында Семей түрмесінен босатылып шығады. Шыға салысымен Түркістанға қаласына аттанады. Оның Түркістан қаласына кетуінің себебі- газет шығуына қаржы жинау мақсатымен жолға аттанады. Міржақып Түркістанға келген кезде қазақ, өзбек, қырғыздардың арасында қонақ болып, Қарнақ деген елдің мекенінде біраз уақыт паналайды. Түркістанда Міржақып Садық Өтегенұлының үйінде тұрды. Түркістанда Міржақып Дулатұлы 1913 жылға дейін болды [7, 14-15 б.].

Міржақып Дулатұлы Түркістандағы атақты байлардың үйінде болып, болашақта «Қазақ» газетін шығару жолында жүргенін баяндады. Сонымен қатар, оның қазақ халқына қаншалықты пайдасын тасқа басқандай етіп түсіндірді. Сөйтіп атақты бай Ахмет Ишан

ағарту саласына өз үлесін қосып, қаржылай көмектесті. Содан соң Міржақып газеттің шығуына бар күшін, еңбегін салды.

Міне осылайша өз ортасында жүріп, алғыр да пысық М. Дулатұлының көзқарастары қалыптасты. Ол нағыз маман ретінде елінің жер мәселесі мен ұлт болмысына деген ой-пікірлерін қалыптастыра отырып, болашақ қоғамдық-саяси күрескер ретінде шыңдалған еді. Қорыта келгенде, Міржақып Дулатұлының өскен ортасы тек елін ойлайтын азаматтар еді. Сондықтан олда елінің қамы үшін бар өмірін арнады.

Міржақып саяси-әлеуметтік және мәдени мәселелерді көтеріп жүрген, екі ғасыр тоғысында қалыптасқан қазақ зиялыларымен етене араласты. Ол Омбы қаласында Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсыновпен танысып, олармен бірлесіп патша үкіметінің қазақ жерінде пәрменді түрде жүргізіп жатқан отарлау, орыстандыру, қоныстандыру саясаттарына қарсы күресуге бел буады. 1905 жылы Қарқаралыдағы болған демонстрацияға қатысып, Әлихан, Ж. Ақпаев, Ахметтермен бірігіп патша саясатын әшкерлейтін 47 баптан тұратын петицияны жазуға қатынасады. Бұл петиция жергілікті почта-телеграф арқылы Петербургке патшаға, Ішкі істер Министріне, сондай-ақ «Сын Отчества» және «Русские ведомости» газеттеріне жөнелтілді. Қарқаралы петициясы-қазақ халқының Ресей империясына білдірген наразылығының, саяси күресінің жарқын үлгісі болды. Уфадағы медреседе «Ғалияда» оқып жүрген қазақ шәкірттері өз халдерінше талаптанып, қазақтың ұлттық бастауыш мектебіне лайықтап «Әліппе» шығарыпты. Соның негізінен оқу бағдарламасын жасап, оқулықтар жазу керек. Сол себепті Міржақып Дулатұлы «Қирағат» кітабын жазуға кіріседі. Міржақып белгілі орыс педагогтерінің оқу құралдарын, Ахмет екеуінің ізашар ұстазы Ыбырай Алтынсариннің орыс әрпімен қазақша жазылған тұңғыш «Хрестоматиясын», тағы басқа, жалпы жиыны қырық шақты басылымның басын қосып, үш жылға шақталған ана тіліндегі оқу кітабын жазбақшы болып жүрді.

«Қазір бұл жоспарым бұзылды», - деп жазады Міржақып Дулатұлы, - Жоғалған пышақтың сабы алтын секілді көрініп, еркіндік тізгіні бұл күнде тағдыр деген танысымыздың қолында тұр».

Бұл сөздердің мәнісі-«Мен қазір полициясының қолына түсіп, Семейдің түрмесінде жатырмын» деген сөзі еді. Мақала Азамат Алашұғлы деген бүргеншік атпен 1911 жылы «Айқаптың» 7-санында басылған. Демек, бұл мақалада да абақтыда жазылып, журналға почтаға жіберілген.

Міржақып Дулатұлы өзінің ұстаздық еткен алғашқы кезеңінен бастап оқу-ағарту ісінде жаңашылдық бағыты ұстанып келген сияқты. 1906 жылы жазған «Қазақ халқына діни бір уағыз» атты өлеңінде әрбір болыста бір мешіт және бір медресе болсын, әр медреседе екі молда болсын, олардың бірі мұсылманша дін оқуын оқытқанда, екіншісі орысша ғылыми пәндерді оқытатын болсын деген ұсыныс айтқан болатын. Арада 6-7 жыл уақыт өткенде, осы мәселеге қайта оралып, екі бағыттағы оқудың арасында сыңаржақтық пайда болғанын жазады. Орысша оқығандар ел өмірінен қол ұзып, халықтың мүддесінен алыс кететінін, ал мұсылманша оқыған шәкірттердің білім дәрежесі төмен болатынын айта келіп, «Шәкірттер жайынан» атты мақалада осы қайшылыққа жол бермеу, молда мен мұғалім әрқайсысы өз ісіне мұқият болу мәселесін көтереді [8, 15-19 б.].

Молда мен мұғалім- екеуі еке басқа мамандық. Әркім өз ісін жақсы біліп, соның шегінен шықпайтын болсын. «Біреу молда екен, тиісті садақасын алсында да, өз ісін білсін және өз ісін жасасын. Біреу мұғалім болса, бала иелерінен белгілеп ақысын алсын, садақадан үмміттенбесін, оқытып тұрған балаларын тастай салып, кісісі өлген ауылға қарай аттана шаппасың». Содан соң: «Шәкірттер халыққа пайдалы һәм өздерінің еңбегі арзитын іске кірісудің мезгілі жетті. Шарифат айтудың орнына, оқытудың босанғанда, ауыл кісілерін жинап, пайдалы кітаптар, газеттер оқып түсіндірсе, әрі балаларды, әрі үлкендерді үйреткенге есеп болады. Білімді жұрттардың мұғалімдері осылай істейді. Сондықтан халыққа ең пайдалы адамдар мұғалімдер болады » [9, 20-21 б.].

Осы ойларды айта келіп, Міржақып мақалада ата-аналарды мұғалімнің еңбек ақысын мұқият төлеп тұруға, сөйтіп оларды тұрақтандыру жағын ойластыруға шақырады. «Үлгілі іс», «Торғайдағы мұсылманша оқу», «Торғайда орысша оқу» атты мақалаларында автор жоғарыда айтқан ойларын нақты дәлелдермен дәйектеп, оқытудың осы екі түрін де өз арнасында жетілдіре беруге жұртшылық назарын аударады. Бұл орайда «Ақтөбе гимназиясы хақында» атты мақалаға ерекше тоқтала кетуді жөн санаймыз. Мұнда Торғай облысының губернаторы мен Ақтөбе қаласының басшылығы ортақ пікірге келіп, Романовтар әулетінің 300 жылдық патшалығы құрметіне қалада орыс-қазақ балаларына ортақ гимназия ашпақ болғаны туралы хабарлайды. Бірақ қаржының тапшылығынан ол оқу орнын бірден қазыналық дәрежеде ашып жіберуге мүмкіндік болмай тұрғанын айта келіп, мақала авторы Ақтөбеге үйезінің ауқатты, беделді қазақтарына өзінің өтімді сөзін арнайды. Қазақ балаларына орта дәрежелі жүйелі білім беретін, сөйтіп олардың әрі қарай жоғарғы оқу орындарына түсуіне жақын жерден жол ашатын бұл мүмкіндікті пайдаланып қалуға шақырады. Қазақ балаларының көпшілігі қол жеткізе алмай жүрген үлгілі оқу лорнының өз орталарына ашылғалы отырғаны сол өңірдегі бар қазақтың бәріне ортақ игілік екенін түсіндіре келіп, үйездегі 18 болыстың игі-жақсыларына осы ізгілікті істен қапы қалмауды барынша діктеп түсіндіреді [10, 21-24].

Міржақып Дулатұлы бір мың тоғыз жүз төртінші жылы «Қазақ» газетінде «Оқу мезгілі» атты мақаланы жариялады. Бұл мақалада қазақ жеріндегі мектеп пен медреселерде оқитын шәкірттер жайында.

Міржақып Дулатұлының жазған педагогикалық еңбектерін пайдалану арқылы жас мұғалімдер оқушыларға тәрбие мен білім береді.

Міржақыптың еңбектері барлығы өмірден алған. Өз көзімен көрген оқиғаларға байланысты болған. Міржақып Дулатұлы тек Алаш зиялысы емес, сонымен қатар ұлағатты ұстаз. Ұстаздық жолын Қошымбек аулының терісбұтақ жерінде бастайды. Міржақып Дулатұлы балаларды оқығанда тек білім беріп қойған жоқ, сонымен қатар тәрибиелік білімді оқушылардың бойларына қалыптастырды. Оған дәлел ретінде оның 1914 жылы 15 қаңтар күні жазылған «Мұғалімдерге» деген мақаласынан үзінді келтірейін. «...Оқудан мақсат жалғыз құрғақ біо үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру. Тәрбие беру үшін қирағат кітабын оқытқанда құр қарасын ғана оқыту үшін қирағат кітабында оқытқанда құр қарасынан ғана оқытпай, жоғарыда айтқанымыздай секілді ішкі мағынасын аша отырып түсіндіру тиіс» [11, 118-119 б.] Одан бөлек және келтірейін:

Мұғалім: «Сен әкеңе, ағаларыңа қолғабыс қыламысың? Қолғабысын қылу керек пе?»

Шәкірт: «Қолғабыс қылу керек, мен де қолғабыс қыламын».

Әрі қарай тағы бір бала оқиды. «Баланың жұмыс қылғаны ұнамайды. Мен һәр түрлі ғылымдар оқып қайттым, дана қазақтың асыл сөздерін ұмыттым, асық деген деген не нәрсе?»-деді.

Мұғалім: «Бала неге жұмыс қылғысы келмеді?».

Шәкірт: «Жалқаулықтан жұмыс қылғысы келмеді»

Мұғалім: «Жалқаулық жақсы ма?»

Бұл Міржақып Дулатұлы өзінің тәжірибиесіне келе отырып «Мұғалімдерге» деген мақаласында оқушыларға тек білім беріп емес, сонымен қатар тәрбие беру керек. «Үздік мұғалім оқушыларға жақсы білім мен қатар тәрбие береді» [12, 120 б.] демекші болды Міржақып Дулатұлы.

Ал 1909 жылы Міржақып қазақ халқының көзін ашуға талпынып «Оян Қазақ!» деген ақ патшаның әрекетін әшкерлеген кітабын жариялады. Жер, дін, тіл мәселелері қазақ қауымының бірден-бір шешуін іздеген мәселесі болғаны белгілі. Ақын «Оян, қазақта» патша үкіметінің қазақтарды малға жайлы, шұрайлы жерлерден ысыруға бағытталған әккі саясатын әшкерлеп, ата-баба бейітін қарамай бұзып, орнына переселен поселкелерін салып, сүйектерін қорлап, емін-еркін алшаң басқан мұжықтарға ызаланып, жерімізден кетіп, өрісіміздің тарылғанына күйінеді. Міржақып қазақтың

езілген, адасқан, тығырыққа кез келген халін осылайша көрсете отырып, сынға алады [13,8-9 б].

XX ғасырдың басында Ресей империясында ақпан төңкерісі болып, нәтижесінде патшаның тақтан түскені туралы хабарды Ресей елінің халықтары да, бодандықтағы елдерде және майдандағы жұмысшылар арасында жүрген қазақдемократиялық зиялылары да зор қуанышпен және қазақ зиялыларының тәуелсіздік жолындағы күресін іске асыруға деген үлкен қуанышпен қарсы алды. Бұл хабарды естіген елдің сол кездегі қуанышын ерекше сипатаған алаш зиялысы Екінші жағынан, қазан төңкерісінің нәтижесінде орналаған саяси жүйенің мәнін түсіндіру үшін алаш зиялысы Міржақып Дулатұлы өзінің «Мемлекет халі» атты мақаласында: «Жер жүзінде бай мен жарлы болмасын, жұрттың бәрі еншілес болсын, арасынан қыл өтпейтін тату болсын деген ең ізгі пікір. Бірақ бұған жұрт әлі жетіскен жоқ. Жұрттың бәрі бұл пікірге айналуға әлі де неше ғасырлар өту керек. Жетілді деген мәдени Еуропа мемлекеттері хайуандық дәрежесінен әлі ұзай алмай жүргенін төрт тым-жесірдің көз жасын көл қылған, неше мемлекетті жоғалтуға тақаған сол сұрапыл соғыс жерге жіберілген малға құныққан күшті жұрттардың бастаған соғысы емес пе еді! Мұны көре тұра биыл тұрғай 20-ғасыр біткенше жұрттың бәрі бір кісінің баласындай тату болады деу асығыс. Құр әшейін көркем қиял. Мұны осы күнгі большевиктер де, «большевик» болып жүргендер де жақсы біледі. Соның үшін бүліншілік шығарушылардың сылтайы жоғары мақсат болғанымен сыры басқа». Алаш зиялылары Міржақып Дулатұлы және оның серіктестері ақпан төңкерісімен бірге келген саяси өзгерістер қазақ халқының тәуелсіздік жолында ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі мақсаттарының орындалуына, яғни тәуелсіздік алуға, жер мәселесін ұлттық мәдениетті өркендетуге және жол ашады деп түсінді. Олардың пайымдайынша Міржақып Дулатұлы былайша баяндайды: бұрынғы патша үкіметінің жүйесінің жойылуы, теңдік орналуы, яғни бай кедей болмауы сияқты қазақ халқы үшін мүлдем түсінісіз жағдай деп білуі. Ал ақпан төңкерісінен кейін алаш зиялыларының қазақ қоғамы үшін қандай қызметтер атқарды, яғни сол кезде қоғамдық саяси қызметі қандай болды. Алаш зиялыларының егемендік жолында қандай жұмыстар атқарды. Енді осы сұрақтарға жауап беріп көрейік [14, 225-226 б].

Ақпан төңкерісі нәтижелі аяқталғаннан кейінгі алғашқы күндері де алаш зиялылары сол бұрынғыдай «Қазақ» газеті басқармасына біріккен топта өздерінің жазған мақаларын жариялап, содан соң майдандағы қазақ жастарымен байланыста болып егемендік алу жолында алғышарттары жайында жеделхаттар алмасып отырды. Сонымен қатар, қазақ зиялылары өздерінің негізгі мақсаттарын анықтап алды. Жоғарыда келтірілген жеделхатта, Алаш зиялыларының алға қойған мақсаты халықты жаңа билікті қолдау шақыруы, содан соң сол арқылы ұлт тағдырының мәселесін шешу. Алаш зиялылары қазақ халқына әрқашан тиімді жақтарын қарасты. Жаңа билікті қолдай отырып, соның шеңберінде дипломатикалық әдіс арқылы қан төгіссіз дербестікке ұмтылуы болды. Алаш көсемдері деп есептелетін Ә.Бөкейханов, М.Дулатұлы және А.Байтұрсынұлы және барша ұлт зиялылары дербестікке ұмтылу жолдарын қарастыру үшін Қазақ облыстарындағы көзі ашық көкрегін ояу қазақтарымен бірлесіп келіссөздер, ұйымдар және бір-бірлерімен ақпарат алмасып отырды.

Міржақып Дулатұлы бір мың тоғыз жүз он үшінші жылы қаңтар айының соңы жағында газетке оқырман жинау үшін Павлодар қаласына аттанады. Павлодар қаласының қазақтары «Қазақ» газеті шығып жатыр деген есіткен соң Міржақыпты іздеп келіп, газетке жазылады. Содан Міржақып газетті алушының санын есептегенде 150-дей қазақ газет аламыз деп жаздырыпты.

Міржақып Дулатұлы Ахмет Байтұрсынұлының тапсырмасы бойынша бір мың тоғыз жүз он үшінші жылдың қаңтар айында Мәскеуге барады. Баруындағы мақсат Гербектың баспаханасынан газет шығаруға қажет заттар мен шрифтарды алып Орынборға қайта аттанады [15, 20-21 б.].

Алаш зиялылары көптен күткен тарихи оқиға, яғни «Қазақ» газетінің алғашқы саны бір мың тоғыз жүз он екінші жылы ақпанның екінші жұлдызында жарыққа шығады. Бұл газеттің бас редакторы Ахмет Байтұрсынұлы, ал екінші редактор Міржақып Дулатұлы болады. Алаш зиялылары егемендік жету жолындағы бірінші қадамы жаңа үкіметтің ұлттық автономия құру арқылы жетуіге болатындығын ұйғарды. Содан соң, болашақта дербес мемлекет боламыз деген ең үлкен мұраттарды да жоспарланды.

Ақпан төңкерісінен кейін Қазақ жерінде алаш зиялыларының қоғамдық-саяси жұмыстары өте жоғары белсенділікпен атқарыла басталды. Қазақстанда қазақ комитеттері ашыла бастады. Қазақ комитеттері тәуелсіздік жолында ұлт-азаттық қозғалыстың ақпан төңкерісінен кейінгі нәтижесі. Дәлірек айтсақ, қазақ комитеттерінің ашылуы-қазақ халқының дербестік алу жолында жасалған алғашқы қадамдер еді. Қазақ комитеттері барлық облыстарда, уездерде ашыла бастады. Қазақ комитетінің ашылып жатқанын жөнінде 1917 жылғы 17 наурызда «Қазақ» газетінде жарияланды. Қазақ комитетінің негізгі мақсаты: біріншісі, қазақ халқының дербестік алуына жасалған қадам болса, екіншісі елдің тыныштығын сақтау үшін әскер мен азық-түлікті жеткізіп беру. Сол үшін 1917 жылы 10 наурызда Орал облысында қазақ комитеттері ашылып, оның төрағасы болып- Әлібеков сайланды. Содан соң 1917 жылы 11 наурызда Семей облысында қазақ комитеті ашылып, төрағасы-Р.Мәрсеков, Омбыда төрағасы болып Е.Итбаев, Верныйда ашылған қазақ комитеттерінің басшысы болып сайланған И.Жайнақов. Алайда қазақ комитеттері қазақ халқы үшін маңызды болғанымен, төрағалық сайлау кезінде, Ресей империясы кезіндегі болыс сайлауындағыдай билікке талас етек алды. Кейбір ұлт зиялылары қазақ халқының көп жылдары күтіп келген егеменді елу идеясын ұмытып, мансапқа ұмтыла бастады. Ал басқа ұлт зиялылары бірігіп қазақ комитеттері құрылғаннан кейін уездерде, облыстар қазақ халқының егеменді ел болу идеяларын жүзеге асыру үшін съездер өткізу үшін келіссөздер, семинарлар өткізіп ақылдаса бастады. Алаш зиялыларының съездге дайындық кезеңде, съездің негізгі мақсаттарын туралы «Қазақ» газетінде мақаларын жариялады. Солардың бірі Алаш зиялысы Міржақып Дулатұлы Торғай облыстық құрылтайға арнап жазылған мақаласында: « енді біз өзімізге өзіміз өкпелемесек, өзге өкпелей алмаймыз. Қолымызға берген бостандықты ұстай алмасақ, пайдалана алмасақ келінді күң, жібекті жүн еткен мысалында боламыз. Олай болсақ біз жұрт бола лмаймыз. Өз ісімізді өзіміз басқара алмасақ, бізді біреу келіп түзетер деу адасқандандық. Әр жұрт бұл күнде өз қамын ойлап жатыр... Уақыт өткізбелік. Өкініп жүрмелік. Қазіргі бір күн бұрынғы жүз жылдан қымбат. Оян , қазақ, талпын, жұрт, қамдан, жұрт!» [16, 174 б] деген рухты үндеу жолдап, алда өткізілейін деп жатқан съездердің нәтижелі пайдалы болуына қажет шарттарды түсіндіріп, маңызын айшықта сонымен қатар елдің назарына енді көрініп келе жатқан ақындар . қайраткерлер Мағжан Жұмабаев пен Мұстафа Шоқай қатысты. Бұл съездге тек қазақтар емес, түркі тілдес өзбек, татар және башқұрттың зиялылары да қатысты. Олар Мунауур Қари, Фатих Каримов және Теміршах Соловьев.

Торғай облысы қазақ съезінің төрағасы болып ұлт жанашыры А.Байтұрсынұлы саяланады. Ал Съездті ашып беру үшін Торғай облысының комиссары болып саяланған қазақ зиялыларының көсемі саналған, болашақ Алаш-Орда үкіметінің президенті Әлихан Бөкейханов сөз беріледі. Әлихан Бөкейханов ізгі ниеттің білдіріп съезді ашып береді. Съездің төрағасын бір ауыздан сайлап болған соң. Сөз сөйлеу үшін қазақ зиялысы Міржақып Дулатұлы сөз сөйлеуге рұқсат алады. Міржақып Дулатұлы: « Арамызда сатқындар, бұрынғы Ресей империясына тыңшы қызметін жасаған М.Тұғанчин мен Ғ.Машинев. Олар шығып кетсін. Содан соң әрі қарай съездімізді жалғыстырсақ».- деп шығуын талап етіп, оларды шығарып жіберді [17, 230-236 б].

Жалпы қазақ съездін өткізуге, сол съезде қаралатын мәселелер жайында Міржақып Дулатұлының атқарған қызметі ерекше. Оған дәлел алда болатын жалпы қазақ съезде қаралатын негізгі мемлекеттік құрылысқа және жер мәселесіне көбірек мән берді. Сонымен қатар Алаш партиясының бағдарламасын дайындауға атсалысты.

Жалпы қазақ съезді 1917 жылы 21-28 шілде аралағында Орынбор қаласында өтті. Бұрын болған алғашқы қазақ жұртын басын қосып болашақта егеменді ел боламыз деген негізгі мақсатқа жетуге азғана қадам қалған болатын. Бүкіл қазақ съездіне қатысқан өкілдер Ақмола, Жетісу, Орал, Ақмола облыстарынан қлт зиялылары қатысқан болатын.

Негізгі мәселелердің қатарына, қазақ ұлттық автономиясы, қазақ облыстарындағы жер жағдайы, мемлекеттік билеу түрі, жер дауы, земство, оқу-білім, әйел теңдігі және басқа мәселелері қаралды. Бүкіл қазақ съездінің қаулысы 1917 жылғы 31 шілде шыққан «Қазақ» газетін жарияланды [18, 134-136].

Бастапқыда қазақ зиялылары осылай шешімде болды. Кейінірек 17 жылдың күзіне қарай біршама өзгерістер енгізуі керек екендігін біліп бір тоқтамға келді.

Бүкіл қазақ съезінің шешімен Алаш партиясы құрылды. Алаш партиясының көсем болып Әлихан Бөкейханов сайланды. Алаш партиясының құрамына -Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Халел Досмаханбетов және тағы басқа ұлт зиялылары.

Алаш партиясының комитеттері қазақ облыстарында кең алып ашыла бастады. Соның бірі ретінде Семей облысында ашылығын уақытша комитетінің құрамы Алаш партиясының бағдарламасы 1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде жариялады. Бағдарламаны құрастырушылар қатарына: Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Е.Ғұмаров, Ғазымбек Бірімжанов және тағы зиялылар қатысты. Алаш партиясының бағдарламасы 10 тараудан тұрады. Оның құрылымы төменде көрсетілген. Мұқият зер салсаңыз:

Мемлекеттік құрылысы. Ресей демократиялық федеративтік республик болу. (Демократия-билік халықтың қолында, федерация-тек мемлекеттердің одағы. Федеративтік республикаларда өз аумағы бөлек, өз мәселерін егемендікпен шешеді және бір-бірімен бірлікте болады.

Үкеметті Құрылтай жиналысымен Мемлекеттік Дума келісілген бір жыл мерзімге сайланатын президент болу керек. Президент мигисттрлер ақркылы халықты бағу, ал министрлер Құрылтай жиналысымен мемлекеттік дума алдында есеп береді. Депуттарға әділ, тең, тікелей және жасырын сайлау өтеді. Қан, дін және жыныс арасында айырмашылық болмауы тиіс. Тек Мемлекеттік дума ғана заң шығара алады, ал мемлекетті дума үкіметті тексеруге, істерді және есп алуға құқылы. Мемлекет баж салығы Мемлекеттік Думаның рұқсатынсыз салынбауы тиіс.

Жергілікті бостандық. Қазақ жүрген барлық облыстардың бәрі бірі-бірімен байланыста болуы және өзін-өзі басқаруы керек. Реті келсе, қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлесе болу, реті келмесе, бірден-ақ өз алды [19,138-139 б.]. Жоғарыда келтірілген «Алаш» партиясының бағдарламасынан үзінді берілді. Бұл болашақ құрылу жолындағы Демократиялық мемлекеттің жобасы болатын. Міржақып және басқада ұлт көсемдері қазақ облыстарына барып, қазақ халқына болашақ мемлекеттің жобасын таныстырды. Содан соң, қазақтардың сол мемлекеттің құру жолына «бір жағадан бас шығарып, бір жеңнен қол шығарып бірге атсалудымыз керек», -деп қазақ халқына үндеу жариялады.

Бір мың тоғыз жүз он жетінші жылы желтоқсанның 5-13-жұлдызында қазақ тарихында елеулі оқиға болды. Ол оқиға Жалпы Қазақ құрылтайы болып өтті. Бұл құрылтайда бүкіл қазақ зиялыларымен қарапайым халық қатысып, Алаш-Орда үкіметін құруға шешім шығарды. Алаш-Орда үкіметінің мемлекет басшысы болып ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов сайланды. Әлихан Бөкейхановтың көмекшісі болып Міржақып Дулатұлы тағайындалды. Сол кезден бастап Міржақып Дулатұлы Алаш партиясының белгілі көсемі ретінде елге белгілі болды. Алаш-Орда үкіметінің мемлекет құрылысын таныстыру үшін алаш партиясының бағдарламасын дайындағандарының бірі болып, Торғай, Түркістан, Ақмола және т.б. қалаларда құрылтайларды ұйымдастырушылардың қатарында болды. Міржақып болашақ мемлекеттің әскери жүйесін үшінде қара халыққа «милиция, солдат» неге екендігін түсіндіріп, әскер жасақтай бастады. Яғни Міржақып

Алаш-Орда үкіметінің қазақ әскерінің бас қолбасшылық қызметінде атқарған. Бір мың тоғыз жүз он сегізінші жылы мамыр айында болашақ Алаш-Орда үкіметінің әскеріне қару-жарақ пен оқ дәрі сатып алу үшін Шәуешекке келіссөзге Міржақыптың басшылығымен алаш зиялыларымен бірге барады.

Алаш-Орда үкіметі мен қазақтың алғашқы партиясы «Алаш» партиясының құрылуындағы негізгі мұраты- ешкімге тәуелді емес, дүние жүзіне белгілі егеменді ел болу және сол арқылы қазақ халқын қорғау болатын. Сол жылдың қарашаның 21-жұлдызында Әлихан Бөкейхановтың мына сөзі: « Біздің орыс Европа соғысынан шығып қалды. Уақытша хакумет абақтыда. Найзаның үшіменен, айбалтаның жүзіменен болған хакуметті Россия жұрты хакумет демей тұр. Финляндия, Украина, Кавказ, Таман қазақ жан сауғалап, «бұл бәледен аулақ боламыз», [20, 28 б.] деп «Қазақ» газетінде жарияланған мақаласында. Содан Әлихан Бөкейханов алаш зиялыларымен бірігіп сол сәтті пайдаланып ең алдымен азамат соғысында ақтардың жағында болады. Бірақ ақтар Алаш-Орда үкіметінің көсемдеріне өлім жазасына кесу туралы шешім шығарып, құрған өкіметін мойындамайды. Содан Ахмет Байтұрсынұлы 1919 жылы Кеңес үкіметінің басшысы Ленинмен келіссөзге келеді. Содан соң Алаш зиялылары қызылдардың жағына болып ақтарға қарсы күреседі. Сол кезде кеңес үкіметі 1919 жылы алаш көсемдері мен зиялыларыға кешірім жасайды. Содан соң ағарту –мәдени жұмыстарға тарта бастады. 1920 жылдың соңымен 1921 жылдың басында қазақ жерінің солтүстік, орталық және батыс жағында жұт болып екі миллион мал қырылып, қазақтар аштыққа ұшырайды. Сол жағдайдың алдын алу үшін Міржақып бастаған бір топ алаш зиялылары «Аштыққа көмек комиссиясын» құрып Семей жұртышылығынан 7000 жуық малды жинап Торғайға айдайды. Торғай жұртшылығына тегіс бөліп береді. Сөйтіп аштыққа ұшыраған қазақ халқын аман сақтап қалады. Сол кезде алаш зиялыларының бұл әрекетін кеңес үкіметіне қарсы шықты деген сылтаумен 1922 жылы ұлт зиялылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Ахметсапа Юсупов және бір топ алаш зиялыларын Семей түрмесіне қамайды. Бірнеше айдан соң Міржақып және Алаш зиялылары 1919 жылы сәуірдің 4-ші жұлдызында Ленин мен Калининнің қол қойған қаулысымен оларды абақтыдан босатылады. Содан соң ,Міржақып отбасымен бірге Орынбор қаласында қоныс тебеді. Сол уақытта Міржақып Института жұмысқа орналасып, өзінің ағартушылық қызметін әрі қарай жалғастырады. «Есеп құрал», «Оқу құралы» сияқты оқулықтарды дайындай бастайды. Сол оқулықтар 1924 жылы баспадан басылып шықты.

Міржақып Дулатұлы 1924-1928 жылға дейін «Еңбекші» газетінде редактордың көмекшісінің қызметін атқарады. 1928 жылы жапон тыңшысы, халықтың жауы деп кенестік үкімет Міржақып Дулатұлын 10 жылға абақтыға қамайды. Ол Бутыр түрмесі арқылы Соловецк лагеріне жіберіледі. Абақтыда жүріпте шығармашылықпен айналысады. Сонымен қатар, дәрігер қызметінде атқарады. Міржақып 1935 жылы Соловецк лагерінде елу жасында өмірден озады. Міржақып Дулатының сүйегін еліміз тәуелсіздігіміз алған соң, тарих ғылымдардың докторы Марат Әбсеметтың ізденісі нәтижесінде 1992 жылы Міржақыптың туған жеріне алып келіп қайтадан жерленді [21, 26-29 б.].

Қорытынды

Қорыта келе, қай дәуірдің болмасын ұлты ұлықтаған ұлдары болары сөзсіз. Сол сияқты қазақ елінде де әр ғасырда ұлықтар ұландары табылып жатады. Осындай тұлғалар қатарында ХХ ғасырдың басында өзінің халқына деген адал қызметі мен қоғамдық-саяси әрекеттері үшін көзге түскендердің бірі - М. Дулатұлы болды. Ол туралы айту, жазу, зерттеу жұмыстарын әлі де болса толықтыра түсу тарихшылар міндеті.

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамы үшін адал қызмет жасап, өздерінің өмірлерін егеменді ел болу жолында құрбан еткен Алаш зиялылары қалыптасты. Алаш зиялыларының идеясы-өткен ғасырдан қалыптасып келген Алаш идеясы еді. Алаш идеясының негізгі мақсаты көзі ашық, білімді және елі үшін адал

қызмет жасайтын, елін қорғайтын азаматтар қалыптастыру болса, сонымен қатар басы біріккен бір жағадан бас шығарып, бір жеңнен қол шығаратын егеменді ел болу еді. Бұл идеяны жүзеге асыру үшін бастапқыда көзі ашық, оқыған, білімді қазақ жастарды топтастыра бастады. Сөйтіп ХХ ғасырдың 1905 жылында Алаш қозғалысы басталды. Бұл қозғалыстың көсемдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатұлы, одан бөлек олардың құрамын бірнеше ұлт зиялылары кірді. Алаш зиялылары егеменді ел болу жолында да, қазақ халқының жағдайынның жақсарту жолында да аянбай тер төкті. Олар Алғашқы «Қазақ» газетін, «Алаш» партиясы мен Алаш Орда үкемін құрды. Алаш зиялыларының ішінде қазақты оятқан, алғаш роман мен қазақ тілінде «Есеп құралы» атты кітап жазған Міржақып Дулатұлы. Міржақып Дулатұлы «Қазақ» газетімен Алаш партиясының құрылуына атсалысқан алаш зиялыларының бірі. Міржақыпта Ахмет, Әлихан сияқты ұлт жанашыры. Жоғарыда айтылған алаш зиялыларының барлығыда Алаш деп ұрандаған тұлғалар. Олардың армандары бір болатын. Елінің егемен ел болып, өзінің ақшасы мен туы, тілі, жер жүзінде тәуелсіз елдерінің қатарына болу еді. Алайда кеңес үкіметінің қитұрқы саясатымен қазақ зиялыларының арасынан көреалмаушылық қасиеттері бар тұлғарының кесірінен Алаш зиялылары өздерінің егеменді ел болу мақсаттарына қол жеткізе алмады. Тіпті «Халық жауы» ретінде айыпталып ату жасасына кесілді, кейбіреулері сібірге жер аударылды. Алаш зиялыларының жазып қалған еңбектерін соттап, жойып жіберді.

ХХ-ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстының ұйымдастырушыларының бірі Міржақып Дулатұлы, сондай-ақ, ғасыр басындағы қазақ әдебиетіне жаңалық алап келген, атап айтқанда, алғаш рет қазақтың романын жазған, бастауыш сыныптарға арнап есеп құралын және елдің кемелденуіне де рухани жетекші болған еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 365 б.
2. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 253 б..
3. Т.Уямо.«ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының дүниетанымы: Міржақып Дулатұлының «Оян Қазақ!» кітабы туралы» диссертация. Хокойдо Университет.-1993.-36 б.
4. Движение Алаш: сворник материалов судебных процессов нау Алашевцоми.-Алматы ФФ «Ел-шежірі».-2011.324 б.
5. Алаш қозғалысы. Құжаттарының материалдар жинағы. Желтоқсан 1917.-мамыр 1920. Движение Алаш. Сворник документов и материалов. Дебарь 1917г.-май 1920 г.-Алматы: «Алаш».-2,2.-496 б.
6. Алаш қозғалысы және Алаш Орда үкіметінің 10 жылдығына арналаған «Алаштың Тәуелсіздікке және Қазақстанның Ұлттық бірігуіне» атты халқыралық ғылыми конференцияның мақалар жинағы.-Орал,207.-с.-364.
7. Міржақып Дулатұлы.Шығармалары.1-том. Алматы: Ғылым,1996.-280
8. Міржақып Дулатұлы.Шығармалары: Мақалалар мен зерттеулер.2-т.Алматы:Ғылым,1997,1997.-344б.
9. Міржақып Дулатұлы.Шығармалары.1-том. Алматы: Ғылым,1996.-280-
10. Міржақып Дулатұлы.Шығармалары: Мақалалар мен зерттеулер.2-т.Алматы:Ғылым,1997,1997.-344б.
11. Міржақып Дулатұлы.Шығармалары: өлеңдері, роман, пьеса,әңгімелер.1-том. Алматы: Мектеп, 2002.-365 б.
- 12.Міржақып Дулатұлы. Шығармалары: Көсем сөз, әдеби сын, зерттеу мақалалары.2-том. Алматы: Мектеп, 2003.-389б.
13. Міржақып Дулатұлы.Шығармалары: ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары.4-том.-Алматы,Мектеп.-2003.-341 б.
14. Міржақып Дулатұлы. Шығармалары: Аудармалар мен естеліктер, құжаттар мен деректер.5-том. Алматы: Мектеп, 2004.-612 б.

15. Міржақып Дулатұлы. Шығармалары: өлеңдер, роман, пьеса мен әңгімелер. 6-том. Алматы: Мектеп, 2013.-368 б.
16. Міржақып Дулатұлы. Шығармалары. 1-том. Алматы: Ғылым, 1996.-280-б.
17. Міржақып Дулатұлы. Шығармалары: Мақалалар мен зерттеулер. 2-т. Алматы: Ғылым, 1997, 1997.-344б.
18. Міржақып Дулатұлы. Шығармалары: өлеңдері, роман, пьеса, әңгімелер. 1-том. Алматы: Мектеп, 2002.-365 б.
19. Міржақып Дулатұлы. Шығармалары: өлеңдері, роман, пьеса, әңгімелер. 1-том. Алматы: Мектеп, 2002.-365 б.
20. Міржақып Дулатұлы. Шығармалары. 1-том. Алматы: Ғылым, 1996.-280-б.
21. Міржақып Дулатұлы. Шығармалары. 1-том. Алматы: Ғылым, 1996.-280-б.

REFERENCES

1. Koigeldiev M. Alash movement. - Almaty: Sanat, 1995. - 365 p.
2. Nurpeyisov K. In Alash and Alashor. - Almaty: Atatek, 1995. - 253 p.
3. T. Uyamo. "The worldview of Kazakh intellectuals at the beginning of the 20th century: Mirzhakip Dulatuly's "Awake Kazakh!" dissertation about the book. Hokoido University.-1993.-36 p.
4. Dvizhenie Alash: svornik materialov sedebnykh protsessov nau Alashevtsomi.-Almaty FF "El-shezhiri".-2011.324 p.
5. Alash movement. A collection of documents. December 1917-May 1920. Movement Alash. Collection of documents and materials. Debar 1917-May 1920-Almaty: "Alash".-2,2.-496 p.
6. A collection of articles of the international scientific conference "Independence of Alash and National Unification of Kazakhstan" devoted to the 10th anniversary of the Alash movement and the government of the Alash Horde.-Ural, 207.-p.-364.
7. Mirjakyp Dulatuly. Works. Volume 1. Almaty: Science, 1996.-280
8. Mirzhakip Dulatuly. Works: Articles and researches. Volume 2. Almaty: Science, 1997, 1997. - 344 p.
9. Mirzhakip Dulatuly. Works. Volume 1. Almaty: Science, 1996.-280-
10. Mirzhakip Dulatuly. Works: Articles and researches. Volume 2. Almaty: Science, 1997, 1997. - 344 p.
11. Mirzhakip Dulatuly. His works: poems, novels, plays, stories. Volume 1. Almaty: School, 2002.-365 p.
12. Mirjakyp Dulatuly. Works: Foreword, literary criticism, research articles. Volume 2. Almaty: School, 2003.-389 p.
13. Mirzhakip Dulatuly. Works: educational works and educational tools. Vol. 4. - Almaty, School. - 2003. - 341 p.
14. Mirjakyp Dulatuly. Works: Translations and memoirs, documents and data. Volume 5. Almaty: School, 2004.-612 p.
15. Mirzhakip Dulatuly. Works: poems, novels, plays and stories. Volume 6. Almaty: School, 2013.-368 p.
16. Mirzhakip Dulatuly. Works. Volume 1. Almaty: Science, 1996.-280 p.
17. Mirzhakip Dulatuly. Works: Articles and researches. Volume 2. Almaty: Science, 1997, 1997. - 344 p.
18. Mirzhakip Dulatuly. His works: poems, novels, plays, stories. Volume 1. Almaty: School, 2002.-365 p.
19. Mirzhakip Dulatuly. Works: poems, novels, plays, stories. Volume 1. Almaty: School, 2002.-365 p.
20. Mirzhakip Dulatuly. Works. Volume 1. Almaty: Science, 1996.-280 p.
21. Mirzhakip Dulatuly. Works. Volume 1. Almaty: Science, 1996.-280 p.